

Бекітемін.

« 19 » 09 2023 ж

«Ақмола облысы білім басқармасының
Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі

Қызыл-Қазақстан ауылының

Нұрғабыл Малағаждаров атындағы

негізгі орта мектебі» КММ

директоры: *А.К. Айтқулова*



**Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған 9- сыныбының тәрбие жоспары**

Сынып жетекшісі: Салимжанова А.Ж

-2023-2024-

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пен мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен береkesін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен береkesін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердін қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елдің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талапқұндылығы:

- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнаға білу;

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;

- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай-9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейсілік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және курааторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.
Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу насыны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» <i>Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	9 сынып	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	Салтанатты жиын және сынып сағаттарының жоспары	1.09
2	«Тілім менің ғасырларға аманат» 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар <i>Ұлттық мүдде: Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</i> <i>Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	9 сынып	Сыныпта н тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	4.09
3	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» <i>Талап:Білуге, жаңаны тануға құштар болу</i> <i>Ұлттық мүдде: Ұлттық мұраға ұқыпты қарау</i>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	11.09
4	«Еңбек күні» мерекесі «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» <i>Ұлттық мүдде: қозғам игілігі үшін қызмет ету</i> <i>Ар-ұят: халқына адал қызмет ету</i>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	18.09
5	«Қарттарым асыл қазынам» «Қарияға қол ұшын соз» жобасы <i>Ар-ұят: Әдеп нормаларын ұстану</i> <i>Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу</i> <i>Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу</i>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	25.09

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастырылу түрі	Аяқталу насын	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1.	«Ұстаз – мектептің жүрегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету	9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	02.10
2.	«Мемлекеттік рәміздерді қадірлеймін» Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу	9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	09.10
3.	«Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл» (Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл) Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу	9-сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	16.10
4.	«Көк тудың желбірегені» (25-қазан Республика күні) «Ұрпаққа аманат» жобасы Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; Қоғам игілігі үшін қызмет ету Ар-ұят: Әдеп нормаларын ұстану	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	23.10

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу насыны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1.	«Ұлттық валюта – теңге» («Мектеп құбырғасындағы бизнес» жобасы) Талап: Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	06.11
2.	«Оян, ар мен адалдық» Құқықбұзушылықтың алдын алу («Еңбегі адал және ерен» жобасы) Ар-ұят: Сөзіне берік, ісіне адал болу; Ар-ұят: Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	13.11
3.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» Ар-ұят: Әдеп нормаларын ұстау Ұлттық мүдде: Қоғам ізгіі үшін қызмет ету	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	20.11
4.	«Бабалар саған ізімен...» республикалық айттық ұйымдастыру («Өнер мен құндылықтар» жобасы) Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу Ұлттық мүдде: Ұлттық мұраға ұқыпты қарау	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	27.11

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу насыны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1.	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	04.12
2.	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы) Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	9 сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	11.12
3.	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» (Оқуға құштар мектеп) жобасы Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	25.11

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу насыны	Мерзімі
КҮНДІЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1.	«Елімді жығра қосамын» (Туған өлке ақындарының шығармалары) <i>(«Бейбіт күннің қаһармандары» жобасы)</i> Ар-ұят: Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	08.01
2.	«Парасат – ақыл мінез жарыстығы» («Оқуға күштар мектеп» жобасы) Талап: Дұрыс қарым-қатынас орната білу Ар-ұят: Сөзіне берік, ісіне адал болу	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	15.01
3.	«Сен өз құқығыңды білесің бе?» (Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу) Ар-ұят: Әдеп нормасын ұстану Талап: Дұрыс қарым қатынас орната білу Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	22.01
4.	«Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы) Ұлттық мүдде: Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту Талап: Сыни креативті ойлау	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	29.01

АҚПАН – ОҚУҒА КҮШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу насыны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1.	<p>«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы) Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу</p>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	05.02
2	<p>«Тарихқа тағзым» («Тарихқа құрмет» жобасы) Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу</p>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	12.02
3.	<p>«Мектептегі мінез- құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жарғысы») Талап: Дұрыс қарым-қатынас орнату Ар-ұят: Әдеп нормаларын ұстану</p>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	19.02
4.	<p>«Өзінді мамандықтар әлемінде тап» («Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» жобасы) Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету Ар-ұят: Халқына адал қызмет ету</p>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	26.02

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

- 1 наурыз – Алыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу насыны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1.	«Ана- өмірдің шырағы» («Ата-аналар мектебі» жобасы) <i>Ар-ұят: отбасыны, өз ортасының абыройын асыру</i>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	04.03
2.	«Қош келдің өз Наурыз» «Өнер мен құндылықтар» жобасы <i>Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу</i> <i>Ар-ұят: Әдеп нормаларын ұстану</i> <i>Талап: Сыни және креативті ойлау</i>	9 сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	11.03
3.	«Құқықтық мәдениет және оның маңызы» («Өр талапты, озық ойлы ұлан» жобасы) <i>Ар ұят: Әдеп нормаларын ұстану</i> <i>Талап: Дұрыс қарым-қатынас орната білу</i>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	18.03

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу насыны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОҒАН)					
1.	«Қоқысты қайта өңдеу» («Қалдық заттарға екінші өмір сыйла» жобасы) <i>Ар-ұят: Адал еңбекті құрметтеу</i> <i>Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету</i>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	01.04
2.	12 сәуір «Ғылым күні» <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	08.04
3.	«Мен және экология» жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер <i>Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу</i> <i>Талап: Салауатты өмір салтын ұстану</i>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	15.04
4.	«Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) <i>Талап: салауатты өмір салтын ұстану</i>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	22.04
5.	«Кітапханаға саяхат» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) <i>Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар</i>	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	29.04

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу насыны	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1.	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы») Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	9 сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	06.05
2.	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Ар-ұят: Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	13.05
3.	«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз» «Менің отбасымның өмірлік жолы» жобасы («Ата-аналар мектебі» жобасы) Ар-ұят: Әдеп нормаларын ұстану Талап: Дұрыс қарым-қатынас орната білу	9 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	20.05